

1

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РММ

20 22 ж. « 09 » қыркүйек

ЖАРҒЫҒА (ЕРЕЖЕГЕ) ЕНГІЗІЛГЕН  
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ

БСН 990440005257

2014 ж. « 05 » ақпан



Солтүстік Қазақстан облысы  
Ауданы ауданы әкімдігінің 2022  
жылы 23 тамыздағы №310  
қаулысымен бекітілген

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы  
Ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жұмыспен қамту бөлімі) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Жұмыспен қамту бөлімінің ведомстволары жоқ.
3. Жұмыспен қамту бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Жұмыспен қамту бөлімі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
5. Жұмыспен қамту бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.
6. Жұмыспен қамту бөлімі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.
7. Жұмыспен қамту бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Жұмыспен қамту бөлімінің құрылымы мен штаттық санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері - индексі 150100, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханова көшесі, 42.
10. Осы Ереже мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.



11. Жұмыспен қамту бөлімінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру.

12. Жұмыспен қамту бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен Мекеменің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Жұмыспен қамту бөлімі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Жұмыспен қамту бөлімінің қарамағындағы мекеменің қызметін үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктер:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Жұмыспен қамту бөлімінің мүдделерін білдіру;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

Жұмыспен қамту бөлімінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктеме беру;

Жұмыспен қамту бөлімінің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау бойынша комиссиялардың және жұмыс топтарының жұмысына қатысу;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;

Жұмыспен қамту бөлімінің қарамағындағы мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру.

15. Қызметтері:

1) құзыреті шегінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды іске асыру;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға бюджет қаражатының қажеттілігін болжау;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;



4) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім шығару;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүгедек адамдарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру;

8) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік көмектің өзге де түрлерін тағайындау және төлеу;

10) коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдармен өзара іс-қимыл;

11) сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде ағымдағы бос орындар және құрылатын жұмыс орындарының болжамы туралы әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің дерекқорын қалыптастыру;

12) жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту тәуекелдері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асыру;

13) ауданда электрондық еңбек шарттарын жасасуды ұйымдастыру бойынша мониторингті жүзеге асыру;

14) қарт азаматтар мен мүгедек адамдарға үйде қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;

15) халық арасында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қажеттілікке талдау жүргізу;

16) өз құзыреті шегінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

17) 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде 6 ай жұмыс істеген адамдарға жұмыс өтілін белгілеу үшін арнайы комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;

18) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу үшін арнайы комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге жеңілдіктер мен өтемақылар алу құқығын растайтын куәліктер беру;

19) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамдардың (отбасылардың) өтініштерін қарау және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындылар шығару бойынша арнайы комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;

20) кәмелетке толған әрекетке қабілетті, әрекетке қабілеті шектеулі азаматтарға, психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға, сондай-ақ «Айыртау әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі адамдарға қамқоршылық және қорғаншылық кеңесі комиссиясының жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;



21) аудандағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;

22) жеке және заңды тұлғалардың, бөлім басшысының және бөлім орынбасарының өтініштерін қабылдау, тіркеу және есепке алуды жүзеге асыру, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

23) қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамту, жұмыс орындарын квоталау мәселелері бойынша аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын әзірлеу;

24) Ұлы Отан соғысының мүгедек адамдарға, қатысушыларына және ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Мекемеге басшылықты Жұмыспен қамту бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Жұмыспен қамту бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Жұмыспен қамту бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Жұмыспен қамту бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жұмыспен қамту бөлімінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

3) бұйрықтар шығарады және Жұмыспен қамту бөлімінің барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) қызметтік құжаттарға қол қояды;

5) Жұмыспен қамту бөлімінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) Жұмыспен қамту бөлімінің қызметкерлерінің белгіленген саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде штат кестелерін бекітеді;

7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісін және мекеменің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

8) өз құзыреті шегінде Жұмыспен қамту бөлімінің қаражаты мен мүлкіне иелік етеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

10) шарттар жасайды, сенімхаттар береді, банктік шоттар ашады;

11) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жұмыспен қамту бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде өкілеттіктерін орындауды оның орынбасары немесе басқа мемлекеттік қызметші жүзеге асырады;

12) Жұмыспен қамту бөлімі қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін және өкілеттігін анықтайды;



13) Жұмыспен қамту бөлімі қызметкерлерінің оқуын, даярлығын, қайта даярлығын және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

20. Жұмыспен қамту бөлімінің бірінші басшысы өз орынбасарының өкілеттілігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Жұмыспен қамту бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Жұмыспен қамту бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Жұмыспен қамту бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Жұмыспен қамту бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Жұмыспен қамту бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.